Товарищество с ограниченной ответственностью AUDIO MAX

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік AUDIO MAX

г.Алматы, Суонио, 23 ***e-mail:*** *artem_protopopov@mail.ru; website: http://www.audio-pro.kz/ ; тел: +77772337475*

№ 3 от 17.10.2019 г.

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны 2019 жылдың қыркүйек айының 10 – ы күні хабарландыру нөмірі: 3630737-1, хабарландыру атауы:Абай атындағы ҚазҰПУ музыкалық аппаратура (кәсіптік жабдық), 2019 жылдың қыркүйек айының 17 – і күні өтінімдерді қабылдау мерзімі басталып, ағымдағы жылдың қазан айының 03 – і күні аяқталған болатын. «Ашық конкурс» тәсілімен жарияланған №25865520-ОК1, №25865477-ОК1 лоттарға "AudioMax" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі әлеуетті өнім беруші ретінде қатысқан болатын. Алайда мемлекеттік сатып алу яғни «Ашық конкурс» әділ өтпеді. Оған мына себептер:

- 25865520-ОК1; 25865477-ОК1 лот бойынша **сәйкестік сертификаты** міндетті болып саналған. Алайда бірінші жеңімпаз **АГИТАЕВА А.Т.** барлық тауарлардың сертификаттары орнына басқа, ал жеткізілетін тауарларды басқаша жазған және сатып алынатын тауарлардың техникалық ерекшелігін көшіріп қана қойған. Бұл дегеніміз – сатып алынатын сапалы тауарларға қол жеткізу үшін мардымсыз дерек.

- Бірінші жеңімпаз **АГИТАЕВА А.Т.**Банктік кепілдік ретінде салған. Алайда кепілдік хаттың соңғы абзацында «Осы кепілдік міндеттемеге байланысты туындайтын барлық құқықтар мен міндеттер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Кепілгердің қолы мен мөрі Күні мен мекенжайы» - деп көрсетілгенмен ешқандай кепілгердің электронды қолы мөрі жалпы айтқанда «Дата: 02.10.2019 ж.» - дегеннен басқа ештене жоқ. Бұл дегеніміз кепілдік хаттың күмәнді екенін білдіреді.

-Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗМемлекеттік сатып алу туралыЗаңының 21 бап (Конкурстық құжаттама) 3 тармақ (Конкурстық құжаттамада осы Заңда көзделмеген жағдайларда, әлеуетті өнім берушілер санының шектелуіне алып келетін, оның ішінде мыналарға) 2 тармақшасында (тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілілігін айқындайтын өзге де сипаттамаларға, мыналарды:) көрсетілген «тапсырыс берушінің қолында бар тауарды жөндеу және (немесе) техникалық қызмет көрсету үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, нұсқаулардың болуына қатысты мемлекеттік сатып алу талаптарын белгілеуге тыйым салынады» деп Заңда ашық жазсада, техникалық сипаттамаға №25865477-ОК1 лотқа Electro-Voice атты фирмалық атау және Dynacord атты фирманың PowerMate атты моделін атап көрсетсе ал №25865520-ОК1 лотқа Electro-Voice атты фирмалық атауын нақты қадап жазған. Бұл дегеніміз – Заң бұзушылық.

-"AudioMax" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі техникалық сипаттаманы неғұрлым жақсы сапада жазсада, ешқандай шартты жеңілдік берілген жоқ.

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің әрі қарай Кодекс207 бабының (Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу) 1 тармағы (Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, конкурстық құжаттамаға (аукциондық құжаттамаға) қойылатын не баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта әлеуетті өнім берушілерге сандық жағынан өлшенбейтін және (немесе) әкімшілендірілмейтін кез келген талаптарды белгілеу не сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушілерге тиесілілігін айқындайтын сипаттамаларына нұсқау жасау арқылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын бұзу –лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді) және 6 тармақ (Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының талаптарын конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды қолданбау бөлігінде бұзу, сол сияқты оларды дұрыс есептемеу –лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді) бойынша Заң нормаларын өрескел бұзып отырған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының конкурстық комиссия мүшелеріне

тиісті шаралар қолдануыңызды және конкурстық құжаттарды қайта қарауыңызды сұраймын.

Директор «AudioMax» Протопопов Артём Сергеевич